

Тексерілді:
«Балалар» МДҰ МКҚК
әдіскері:  С.Х. Байдаuletова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қаңтар айы 2023 жыл IV апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.01.2023	Сейсенбі 24.01.2023	Сәрсенбі 25.01.2023	Бейсенбі 26.01.2023	Жұма 27.01.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап», «Үй жануарларын тап», Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, Құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. «Көліктер» туралы не білетіндерін сұрау. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін тандау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Қазақ тілі	Дене шынықтыру
				Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).	
	Балалар бүгін сендер балабақшаға немен келдіңдер. Мына суретте не бейнелеген. Балалар бір бөлігі ғана көрініп тұрған суреттен не зат екенін табу керек. Машина, автобус туралы не білетіндерін сұрау. Өткен аптада жүргізушімен танысқанын, қандай ойындар ойнағандарын естеріне түсіру. Орындықтарды қатарластырып қойып автобустағыдай әрекеттер жасап ойнау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Ұшқыш Кең аспанды шарлаған, Ұшқыш деген мен болам. Қыран құстай самғаған, Ерен жүйрік мен болам. Ұшқыш деген кім? ол қандай көлікті бағындырады. Ұшақтың қандай түрлері болады? Олардың түстері қандай? Қалай ұшады, көрсетіп, ойнау. Сендер ұшақта ұшып көрдіндер ме? Қима суреттерді құрастыру. (сөйлеуді дамыту, құрастыру)	Қонаққа есікті тақылдатып тасша бала келеді. Балалармен сәлемдесіп, зерігіп кеткен соң достар тауып ойнауға келгенін айтады. Балалар ойнауға келіседі. Өздерінің жақсы көретін ойынын ойнату. Бір кезде тасша бала қалтасынан қағаз тауып алады. Балалар мен сендерге бір зат жасап көрсетейін деп кеме жасап береді. Балалар не зат екені табады. Бірге барлығы бірнеше кеме жасайды. Содан соң оны сұға жүздіргізіп	Камаздың түрілдеген дауысы естіледі. Балалар бұл ненің дауысы екенін тапқанда экраннан суреті шығады. Жүк көліктерінің суреттерін карау, оларды салыстыру, сипаттау, топтағы жүк көліктермен әр түрлі заттарды тасу. (көркем әдебиет, математика негіздері) Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер,	Балаларға автобус макетін көрсетіп оған мініп саяхатқа шығамыз деп автобустағы орындықтарға а отырғызу. Балалардан артында, алдында, сол жақта, оң жақта кім отыр деп сұрау. Содан соң көлік жүрді деп балаларға алға қараңдар дейді. Алдында ауыл көрінеді біз сол жерге барамыз дейді. Содан соң ауылға келген соң автобустан түсіп жан жағымызға

			көрейік деп арнайы ыдысқа құйылған суға жүздіртеді. Содан соң тасша бала үйіне қайтуы керектігін айтып достарымен қоштасып үйіне қайтады. Балалар серуенге жиналады (сөйлеуді дамыту, құрастыру)	цилиндрлер ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету Құрастыру материалдарынан жүк көлігін құрастыру (құрастыру)	қараймыз біздің он жағымызда үйлер орналасқа, сол жағымызда үй жануарлары күшік пен мысық тұр екен дейді. Балаларға көздерін жұмдырып күшікпен мысық жасырынады деп, оларды жасырып қояды. Балалар дөңгелене отырады. «Пішіндерді ата» дидактикалық ойынын ұйымдастыру. Қоржыннан пішіндерді шығарып бұл қандай зат оның пішіні неге ұқсайды деп сұрау : орамал – үшбұрыш, шаршы, күн дөңгелек, терезе шаршы, кілемше – тік төртбұрыш. Содан соң қайта автобуска мініп топқа оралады. (көркем әдебиет, математика негіздері)
--	--	--	---	--	---

Серуенге дайындық	Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Автобуска мініп аулаға шығайық. Балабақша ауласына ауа райын бақылату. Көшедегі көлік пен автобустардың дыбыстарын тыңдау, олардың шығаратын дыбыстарында айырмашалық бола ма анықтау. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық.» Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.	Далаға шығып ұшақтар аспанда бар ма, қарау. Ұшақты адамдар құстарға қарап жасағанын түсіндіру. Ұшақтар болып ұшу. Ол қалай ұшады, қалай қонады көрсету, бірге жасату. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Өз түсінді тап» Қар түйіршіктерін нысанға лақтыру	Қандай көлік құралдарымен танысқандарын естеріне түсіру. Ауа райын бақылап, сипаттауды пысықтау (қоршаған ортамен танысу) Балалардың дербес әрекеттері Қимылды ойын «Допты дәлдеп лақтыр»	Аула сыпырушыға балабақша ауласын қардан тазартуда көмек беру. Жүк көліктеріне қарды салып тасу. Балалардың дербес әрекеттері Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль»	Желді бақылау, желге қарсы және желдің бағытында жүру. Айырмашылығын сезіну, айта білуін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар Қимылды ойын «Қуыр-қуыр қуырмаш»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегілер оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Машина автобус бейнелеген суреттерді бояу (сурет салу) Балалардың таңдауы бойынша машина дөңгелегін ермексازдан жасату. Фланелеграфқа автобусқа жолаушыларды жапсырып, дұрыс орналастыру. (мүсіндеу, жапсыру) Құрастыру	Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту. Ұшақты әр түрлі заттың қасына қойып қай жерде екенін атау, (Математика негіздері) Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру.	Кемелерге түрлі желкендер жапсыру немесе желкеннің суретін салып бояу. (Жапсыру) Топтағы кеме ойыншықтарын салыстыру (үлкен, кіші) (Математика негіздері)	Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегі оқып беру. Баяғы заманда жүк көліктері болмағандықтан кезде адамдар ат арбамен жүк тасығанын айту. Қазіргі замандағы арбалардың түрлерімен таныстыру. (көркем әдебиет)	Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру. Баяғы заманда жүк көліктері болмағандықтан кезде адамдар ат арбамен жүк тасығанын айту. Қазіргі замандағы арбалардың түрлерімен таныстыру. (сөйлеуді дамыту) Балалардың таңдауы бойынша көліктердің суретін бояу, дайын көлік пішіндерін жапсыру жұмыстарын орындату (сурет салу, мүсіндеу,

	ойыншықтарымен еркін ойын, машина, автобус құрастырту. (құрастыру)	Орталықтарға бөлініп ұшақтың бейнесін қанаттарын салып толықтырып бояу, ермексаздан ұшақ жасау(тәрбиешінің көмегімен) қаағаздан ұшақ құрастырып оны ұшыру.		Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстарды жасату. Жүк көлік немесе арбаның дөңгелегін салу, бояу. Фланелеграфта жүк көлігін құрастырып жапсыру. Ермексаздан жүк көлігімен арбаға арналған дөңгелектер жасау. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)	жапсыру) Көліктерді құрастыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. (құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	Ерканат,Ахмад ұсақ қол моторикасын дамыту.Қарындашты дұрыс ұстап, боямақты бояту Сурет салу	Димаш,Мадияр Танымдық үстел үсті ойыны: «Көлеңкесін тап?» Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту.	«Өз үйінді тап» ойын Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту. Ержан,Інжу Қоршаған ортамен таныстыру	«Үйдің есігін жабайық» Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жінішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Арнұр,Арлан.	Айлинді ересектермен бірге дене жаттығуларын орындауды үйрету. Дене шынықтыру
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

Серуен	Көлік іздерін салыстыру, үлкен, кіші, ұзын қысқа сөздерін пайдалану. (математика негіздері) Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/о «Сакина жасыру». Далаға қағаздан жасалған ұшақтарын алып шығып ұшырып көру. Балалардың дербес әрекеттері	Кітаптан ертегі оқып беру (көркем әдебиет) Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	Қ/О «Сакина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында кеңестер беру Апта бойғы жұмыстар жөнінде ақпарат беріп отыру. Көлік түрлерін бақылауды ұсыну.				